

Жастар ұйымдарының қызметін ұйымдастыру және үйлестіру келесі стратегиялық құжаттарға негізделеді:

1. Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы:

- Әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілікке негізделген жаңа әлеуметтік саясат қағидаттарын енгізу.
- Білім беру жүйесін, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін заманауи талаптарға сай дамыту.
- Ұлттық мүдделерді ілгерілетуге және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған дәйекті және болжамды сыртқы саясат жүргізу.
- Көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның бірлігінің негізі ретінде жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

2. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасы:

- Азаматтарға еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктерді меңгеруге және өмір бойы білім алуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті және қолжетімді білім беру жүйесін құру.
- Инклюзивті экономикалық өсу қағидаттарына негізделген кешенді әлеуметтік қорғау жүйесін дамыту.
- Жастардың рухани және физикалық дамуы үшін ақпараттық, мәдени және спорттық кеңістікті кеңейту.

3. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары:

- Халықтың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.
- Минималды әлеуметтік стандарттарды қамтамасыз ету.
- Әлеуметтік көмекті нақты мақсатты топтарға бағыттау және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту.

Жастар саясатының басты мақсаты

Қызылорда ашық университетінің жастар саясаты – бәсекеге қабілетті, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары және белсенді жастарды қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ, тұрақты даму қағидаттарына сәйкес жастардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани және саяси дамуына ықпал ету.

Қызылорда ашық университетінің Жастар ұйымдары комитеті

Университеттің Жастар ұйымдары комитеті университеттің барлық студенттік ұйымдары мен қызығушылықтарға негізделген клубтарға біріктіреді.

Біздің негізгі бағыттары:

- Азаматтық белсенділік және жастардың өзін-өзі басқаруы
- Білім беру және ғылыми даму
- Әлеуметтік бастамалар мен волонтерлік қызмет
- Халықаралық ынтымақтастық